



## **Салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасында электронды түрде ақпарат алмасу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 699 қаулысы.

### **Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасында электронды түрде ақпарат алмасу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасында электронды түрде ақпарат алмасу туралы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

*B. Сагынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 699 қаулысымен  
мақұлданған  
Жоба

## **Салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасында электронды түрде ақпарат алмасу туралы**

### **ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасында Салық заңнамасын сақтау және осы саладағы бұзушылықтармен құрес мәселелері бойынша ынтымақтастық пен өзара көмек көрсету туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

Келісімнің 3-бабын іске асыру мақсатында ынтымақтастық нысанын айқындай отырып,

қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға (мұлікке) салық төлеуден жалтарудың алдын алу қатысушылары осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттер

болып табылатын салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы халықаралық шарттардың ережелерін және осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттер заңнамасының нормаларын басшылықта ала отырып,

осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің салық заңнамасын сақтауына, бюджеттеріне салықтардың уақтылы және толық түсініне бақылауды күшейтуде өзара мұдделілікті негізге ала отырып және осы мақсатта бір-біріне жәрдем көрсетуге ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес салық заңнамасының сақталуына, салықтар мен алымдардың түсімдеріне және осы саладағы бұзушылықтарға қарсы құресті ұйымдастыруға бақылау жасауды қамтамасыз ету бойынша функциялар жүктелген мемлекеттік органдар (бұдан әрі - құзыретті органдар) салық заңнамасының тиісінше орындалуын қамтамасыз ету мақсатында:

осы Хаттамаға 1-қосымшаға сәйкес занды тұлғалар табыстарының жекелеген түрлері туралы және осы ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес занды тұлғалар туралы;

осы Хаттамаға 2-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалар табыстарының жекелеген түрлері туралы және осы ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес занды және жеке тұлғалар туралы;

осы Хаттамаға 3-қосымшаға сәйкес мүліктің жекелеген түрлері туралы және осы ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес оның меншік иелері (иелері) туралы ақпарат алмасады.

## **2-бап**

Осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары ақпарат алмасуды ақпарат алмасу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін "Криптон-Анкад" (АҚҚК) ақпаратты криптографиялық қорғау қуралын қолдана отырып, ашық байланыс арналары не екі жақты негізде келісілген өзге де құрал арқылы электронды түрде жүзеге асырады.

Ақпаратты беру осы Хаттамаға 1-3-қосымшаларда көзделген талаптармен айқындалған ақпаратты ұсыну форматына сәйкес қалыптастырылған файлдар түрінде жүзеге асырылады.

Осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары ақпаратты қалыптастыруға және өндөуге арналған бағдарламалық қамтылымды дербес әзірлейді.

## **3-бап**

Осы Хаттамаға сәйкес құзыретті органның алған ақпараты құпия болып табылады және осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің салық заңнамасының сақталуына бақылауды (оның ішінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бюджеттеріне салықтық төлемдердің толық төленуін бақылауды) қамтамасыз ету, мәжбүрлеп өндіріп алу, әкімшілік және сот талқылаулары мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Өзге мақсаттарда ақпарат оны берген құзыретті органның жазбаша келісуімен ғана пайдаланылуы мүмкін.

Құзыретті органдар берілетін, оған қол жеткізу және оны тарату осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шектелген ақпараттарды тиісінше қорғауды қамтамасыз етеді.

#### **4-бап**

Осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары осы Хаттаманың 1-бабында көрсетілген ақпараттарды ұсыну форматын, сондай-ақ кейіннен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің сайтында орналастыра отырып, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің салық қызметтері басшыларының үйлестіру кеңесінің отырысында бекіту арқылы оларды байланыс арналары бойынша беру тәртібін айқындайды және келіседі.

#### **5-бап**

Осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары арасында ақпарат алmasу жыл сайын есепті жылдың қорытындысы бойынша (оны Хаттама қүшіне енетін есепті жыл үшін ақпарат беруден бастап), сондай-ақ осы Хаттамаға 1 - 3-қосымшаларда көзделген мерзімдерге сәйкес алдыңғы жылдар үшін бұрын берілген ақпаратты нақтылау қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

#### **6-бап**

Тараптардың өзара келісіүі бойынша осы Хаттамаға, тиісті хаттамамен ресімделетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

#### **7-бап**

Осы Хаттаманы қолдану және түсіндіру кезінде Тараптар арасында туындастын даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы немесе Тараптар келіскең басқа да рәсімдер арқылы шешіледі.

#### **8-бап**

Осы Хаттама оған қол қойған Тараптардың оның құшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң құшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Хаттама депозитарий тиісті құжаттарды алған күннен бастап 30 күн өткен соң құшіне енеді.

## 9-бап

Осы Хаттама құшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжатты беру арқылы Келісімге қатысуши мемлекеттердің оған қосылуы үшін ашық.

Осы Хаттама Келісімге қатысуши қосылушы мемлекет үшін депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап 30 күн өткен соң құшіне енеді.

## 10-бап

Осы Хаттама белгіленбеген мерзімге жасалады.

Тараптардың әрқайсысы шыққанға дейін 6 айдан кешіктірмей өзінің осындай ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып және Хаттаманың қолданылуы кезінде туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттей отырып, осы Хаттамадан шығуға құқылы.

201\_\_ жылғы "\_\_\_" қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзербайжан Республикасының  
Үкіметі үшін  
Армения Республикасының  
Үкіметі үшін  
Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін  
Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін  
Кыргыз Республикасының  
Үкіметі үшін  
Молдова Республикасының  
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының  
Үкіметі үшін  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі  
үшін  
Түрікменстан  
Үкіметі үшін  
Өзбекстан Республикасының Үкіметі  
үшін  
Украина Үкіметі үшін

(күні) Салықтық  
әкімшілендіруді жүзеге асыру  
үшін Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығына қатысуши  
мемлекеттер арасында  
электронды түрде ақпарат  
алмасу туралы хаттамаға  
1-қосымша

# **Занды тұлғалардың табыстарының жекелеген түрлері туралы және занды тұлғалар туралы ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын**

## **ТАЛАПТАР**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Талаптар Хаттамаға қатысушы басқа мемлекеттің аумағында (бұдан әрі - алмасуға қатысушы мемлекеттер) қатысушы бір мемлекеттің занды тұлғасы алатын салықтың әкімшілендіруді жүзеге асыру үшін (күні) ТМД-та қатысушы мемлекеттер арасында электронды түрде ақпарат алмасу туралы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің занды тұлғалары табыстардың жекелеген түрлері туралы ақпараттың құрамы мен құрылымын және алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары арасында осындай ақпарат алмасу мерзімін айқындаиды.

### **II Алмасу нысанасы, алмасуға қатысушы мемлекеттердің занды тұлғалары табыстарының жекелеген түрлері туралы ақпараттың құрамы мен құрылымы**

2. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары алмасуға қатысушы мемлекеттердің занды тұлғалары табыстарының мынадай:

а) алмасуға қатысушы басқа мемлекеттің төлем көзінен салық салынатын, алмасуға қатысушы бір мемлекеттің занды тұлғасының табыстары:

дивидендтер;

борыштық міндеттемелер бойынша табыстар;

роялти, оның ішінде зияткерлік меншік объектілерін пайдаланудан және (немесе) пайдалану құқығын беруден түсетін табыстар;

мұлікті жалға беруден түсетін табыстар;

акциялардан басқа, бағалы қағаздарды иеліктен шығарудан алынған табыстар;

акцияларды, үлестерді, пайларды иеліктен шығарудан алынған табыстар;

жылжымалы және жылжымайтын мұлікті иеліктен шығарудан алынған табыстар;

өзге де табыстар;

б) алмасуға басқа қатысушы мемлекеттің тұрақты өкілдігі (мекемесі) арқылы қызметтен алынатын, алмасуға бір қатысушы мемлекеттің занды тұлғасының табыстары туралы ақпарат алмасады.

3. Алмасуға бір қатысушы мемлекеттің құзыретті органы (бұдан әрі - мәліметті ұсынатын алмасуға қатысушы мемлекет) алмасуға басқа қатысушы мемлекеттің құзыретті органдарымен (бұдан әрі - мәліметті алатын алмасуға қатысушы мемлекет) мынадай:

а) мәліметті алатын алмасуға қатысушы мемлекеттің заңды тұлғаларының - инвесторларының жарғылық қорында (капиталында) салымы (үлесі) бар мәліметті ұсынатын алмасуға қатысушы мемлекеттің заңды тұлғалары туралы;

мәліметті алатын алмасуға қатысушы мемлекеттің заңды тұлғасына осы Талаптардың 2-тармағының а) тармақшасында көрсетілген табысты есептеген (төлеген) мәліметті ұсынатын алмасуға қатысушы мемлекеттің заңды тұлғалары туралы;

мәліметті алатын алмасуға қатысушы мемлекеттің заңды тұлғасына осы Талаптардың 2-тармағының а) тармақшасында көрсетілген табысты есептеген (төлеген) мәліметті ұсынатын алмасуға қатысушы мемлекетте қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның тұрақты өкілдіктері (мекемелері) туралы;

мәліметті ұсынатын алмасуға қатысушы мемлекеттегі қызметтен түсетін табысын алатын алмасуға қатысушы мемлекеттің мәліметті алатын заңды тұлғаларының тұрақты өкілдіктері (мекемелері) туралы;

б) мәліметті ұсынатын алмасуға қатысушы мемлекеттің заңды тұлғаларының жарғылық қорына (капиталына) салымды (үлесті) (жарғылық қорында (капиталында) үлесті сатып алды) жүзеге асырған мәліметті алатын алмасуға қатысушы мемлекеттің заңды тұлғалары - инвесторлары туралы;

осы Талаптардың 2-тармағының а) тармақшасында көрсетілген табыстар есептелген (төленген) мәліметті алатын алмасуға қатысушы мемлекеттің заңды тұлғалары туралы;

мәліметті ұсынатын алмасуға қатысушы мемлекетте қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымдардың тұрақты өкілдігі (мекемесі) осы Талаптардың 2-тармағының а) тармақшасында көрсетілген табысты есептеген (төлеген) мәліметті алатын алмасуға қатысушы мемлекеттің заңды тұлғалары туралы;

тұрақты өкілдік (мекеме) арқылы мәліметті ұсынатын алмасуға қатысушы мемлекеттегі қызметтен түсетін табысты алған алмасуға қатысушы мемлекеттің мәліметті алатын заңды тұлғалары туралы мәлімет алмасады.

4. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары табыстары туралы мәліметтермен алмасу кезінде, оның ішінде мынадай:

а) осы Талаптардың 3-тармағы а) тармақшасында көрсетілген адамдарға қатысты:

ұйымдық-құқықтық нысаны (ақпараттық ресурстарында болған жағдайда);

заңды тұлғаның не тұрақты өкілдіктің (мекеменің) толық атауы;

салық төлеушінің (тұрақты өкілдік (мекеме) үшін - осы тұрақты өкілдік (мекеме) қызметтің жүзеге асыратын алмасуға қатысушы мемлекетте берілген коды (нөмірі)) сәйкестендіру коды (нөмірі);

заңды мекенжайы (орналасқан жері) (осы тұрақты өкілдік (мекеме) қызметтің жүзеге асыратын алмасуға қатысушы мемлекеттегі тұрақты өкілдік (мекеме) үшін);

алмасуға басқа қатысушы мемлекеттің заңды тұлғаларының - инвесторлардың салымы (үлесі) бар заңды тұлғаның жарғылық қорының (капиталының) мөлшері;

б) осы Талаптардың 3-тармағы б) тармақшасында көрсетілген адамдарға қатысты:

ұйымдық-құқықтық нысаны (ақпараттық ресурстарында болған жағдайда);  
занды тұлғаның толық атауы;  
занды тұлғаны алмасуға қатысушы мемлекетте тіркеген салық төлеушінің сәйкестендіру коды (нөмірі) (ақпараттық ресурстарында болған жағдайда);  
занды тұлғаны алмасуға қатысушы мемлекетте тіркеген алмасуға қатысушы мемлекеттегі занды мекенжайы (орналасқан жері) (ақпараттық ресурстарында болған жағдайда);  
занды тұлғаның жарғылық қорында (капиталында) занды тұлғаның - инвестордың салымының және (немесе) занды тұлғаның жарғылық қорында (капиталында) занды тұлғаның - инвестордың қатысу үлесінің мөлшері;  
в) алмасуға басқа қатысушы мемлекеттің төлем көзінен салық салынатын, алмасуға қатысушы бір мемлекеттің занды тұлғасының табыстары туралы:  
осы Талаптардың 2-тармағының а) тармақшасына сәйкес табыстың түрі:  
есептелген (төленген) табыс сомасы;  
табысты есептеу (төлеу) күні (ай, тоқсан);  
табысқа (пайдаға) қолданылған салық мөлшерлемесі;  
табысқа (пайдаға) салықтың сомасы және оны ұстап қалу (бюджетке аудару) күні (ай, тоқсан);  
г) алмасуға басқа қатысушы мемлекетте тұрақты өкілдіктері (мекемелері) арқылы қызметтен алғын, алмасуға бір қатысушы мемлекетінің занды тұлғасының табыстары туралы:  
табыстың немесе түсімнің сомасы;  
салық салынатын табыстың (пайданың) сомасы;  
табысқа (пайдаға) қолданылған салық мөлшерлемесі;  
табыстың (пайданың) салық сомасы;  
таза табыстың сомасы (ақпараттық ресурстарда болған жағдайда);  
алмасуға қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес мөлшерлемесі бойынша таза табысқа салынатын салықтың сомасы (ақпараттық ресурстарда болған жағдайда);  
алмасуға қатысушы мемлекеттердің арасында жасалған қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шартта көзделген мөлшерлеме бойынша таза табысқа салынатын салықтың сомасы (ақпараттық ресурстарда болған жағдайда);  
алмасуға қатысушы мемлекеттердің арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау туралы жасалған халықаралық шартқа сәйкес таза табысқа салынатын салықтың сомасы (ақпараттық ресурстарда болған жағдайда) туралы ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді.

### **III Ақпаратты ұсыну форматы**

5. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің занды тұлғалары табыстарының жекелеген түрлері туралы ақпарат Хаттаманың 4-бабының тәртібінде бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің сайтында орналастырылған формат бойынша ұсынылады.

#### **IV Ақпарат алмасу мерзімдері**

6. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің занды тұлғалары табыстарының жекелеген түрлері туралы ақпарат алмасуды алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары есепті жылдан кейінгі жылдың 1 тамызынан кешіктірмей жүзеге асырады.

7. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары ақпаратты алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының, Атқарушы комитетінің сайтында орналастырылған форматқа сәйкес электронды түрде ақпарат алмасқан кезде пайдаланылатын мәліметтерді алғаны туралы хабарламамен оны алғанын растайды.

(күні) Салықтық  
әкімшілендіруді жүзеге асыру  
үшін Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығына қатысушы  
мемлекеттер арасында  
электронды түрде ақпарат  
алмасу туралы хаттамаға  
2-қосымша

**Жеке тұлғалардың табыстарының жекелеген түрлері туралы және занды тұлғалар мен жеке тұлғалар туралы ақпараттың құрамы мен құрылымына қойыллатын**

### **ТАЛАПТАР**

#### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Талаптар Хаттамаға (бұдан әрі - Хаттама) басқа қатысушы мемлекеттің (бұдан әрі - алмасуға қатысушы мемлекеттер) аумағында салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру үшін ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің арасында электронды түрде ақпарат алмасу туралы Хаттамаға бір қатысушы мемлекеттің жеке тұлғаларына - азаматтарына және (немесе) салық резиденттеріне төленген табыстардың жекелеген түрлері туралы ақпараттың құрамы мен құрылымын және алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары арасында осындай ақпаратты алмасу мерзімін айқындайды.

## **II. Алмасу нысанасы, алмасуға қатысушы мемлекеттердің жеке тұлғаларының табыстарының жекелеген түрлері туралы ақпараттың құрамы мен құрылымы**

2. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары алмасуға қатысушы мемлекеттердің жеке тұлғалары табыстарының мынадай:

жалданып істейтін жұмыстан алынатын табыстар;

азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша сыйақылар;

дивидендер;

роялти, оның ішінде зияткерлік меншік объектілерін пайдаланудан және (немесе) пайдалану құқығын беруден (акпараттық ресурстарда болған жағдайда) түсетін табыстар;

бағалы қағаздармен операциялар жасаудан түсетін (бағалы қағаздарды иеліктен шығарудан алынған) табыстар;

занды тұлғаның жарғылық қорындағы (капиталдағы) үлесін иеліктен шығарудан алынған табыстар;

жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыста (акпараттық ресурстарда болған жағдайда);

өзге де табыстар туралы ақпарат алмасады.

3. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары жеке тұлғалары табыстарының жекелеген түрлері туралы мәліметтерді алмасу кезінде, оның ішінде мынадай:

а) осы Талаптардың 2-тармағында көрсетілген, алмасуға қатысушы басқа мемлекеттің аумағында алмасуға қатысушы бір мемлекеттің жеке тұлғаларына - азаматтарына және (немесе) салық резиденттеріне табыстарды есептеген (төлеген) алмасуға қатысушы мемлекеттердің занды тұлғаларына және жеке тұлғаларына қатысты:

занды тұлғалар үшін:

ұйымдық-құқықтық нысаны (акпараттық ресурстарда болған жағдайда);

толық атауы;

салық төлеушінің сәйкестендіру коды (нөмірі);

занды тұлға тіркелген алмасуға қатысушы мемлекеттегі занды мемлекеттегі (орналасқан жері);

жеке тұлғалар, оның ішінде дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін:

тегі, аты және әкесінің аты (әкесінің аты - акпараттық ресурстарда болған жағдайда)

;

салық төлеушінің сәйкестендіру коды (нөмірі) (акпараттық ресурстарда болған жағдайда);

тұрғылықты (булу орны) мекенжайы;

б) осы Талаптардың 2-тармағында көрсетілген, табыстарды алатын жеке тұлғаларға қатысты:

тегі, аты және әкесінің аты (әкесінің аты - ақпараттық ресурстарда болған жағдайда);

; тұған күні (ақпараттық ресурстарда болған жағдайда);

жеке тұлға азаматы және (немесе) салық резиденті болып табылатын алмасуға қатысушы мемлекетте оған берілген салық төлеушінің сәйкестендіру коды (нөмірі) (ақпараттық ресурстарда болған жағдайда);

жеке басын қуәландыратын құжат туралы мәліметтер (құжат түрі сериясы (бар болса) нөмірі және берілген күні);

жеке тұлға азаматы және (немесе) салық резиденті болып табылатын алмасуға қатысушы мемлекеттегі тұрғылықты (булы орны) мекенжайы;

в) жеке тұлғаның табыстарына қатысты:

осы Талаптардың 2-тармағына сәйкес табыстардың түрі;

есепті жыл (ай, тоқсан) үшін табыстың есептелген (төленген) сомасы;

есепті жыл (ай, тоқсан) үшін табыстың, төленген (ұсталған) сомасы (ай, тоқсан - ақпараттық ресурстарда болған жағдайда) туралы ақпараттың берілуін қамтамасыз етеді.

### **III. Ақпаратты ұсыну форматы**

4. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің жеке тұлғалары табыстарының жекелеген түрлері туралы ақпарат Хаттаманың 4-бабының тәртібімен бекітілген, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің сайтында орналастырылған форматта ұсынылады.

### **IV. Ақпарат алмасу мерзімдері**

5. Алмасуға қатысушы басқа мемлекеттің аумағында алмасуға қатысушы бір мемлекеттің жеке тұлғаларына - азаматтарына және (немесе) салық резиденттеріне төленген табыстардың жекелеген түрлері туралы ақпарат алмасуды алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары есепті жылдан кейінгі жылдың 1 тамызынан кешіктірмей жүзеге асырады.

6. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары ақпаратты алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің сайтында орналастырылған форматқа сәйкес электронды түрде ақпарат алмасқан кезде пайдаланылатын мәліметтерді алғаны туралы хабарламамен оны алғанын растайды.

(күні) Салықтық  
әкімшілendіруді жүзеге асыру  
үшін Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығына қатысушы  
мемлекеттер арасында  
электронды түрде ақпарат  
алмасу туралы хаттамаға  
3-қосымша

## **Мұліктің жекелеген түрлері және оның жеке меншік иелері (иелері) туралы ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын**

### **ТАЛАПТАР**

#### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы талаптар салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру үшін ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасында электронды түрде ақпарат алмасу туралы Хаттама қатысушы бір мемлекеттің аумағында тіркелген (орналасқан), меншік (иелену) құқығы Хаттамаға қатысушы басқа мемлекеттің (бұдан әрі - алмасуға қатысушы мемлекеттер) занды тұлғаларына немесе азаматтарына жататын мұліктің жекелеген түрлері туралы ақпараттың құрамы мен құрылымын және алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары арасында осындай ақпаратты алмасу мерзімін айқындауды.

#### **II. Алмасу нысанасы, алмасуға қатысушы мемлекеттердің аумағында тіркелген (орналасқан) мұліктің жекелеген түрлері және оның жеке меншік иелері (иелері) туралы ақпараттың құрамы мен құрылымы**

2. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары мынадай:

алмасуға қатысушы басқа мемлекеттердің занды тұлғалары немесе азаматтары болып табылатын, алмасуға қатысушы бір мемлекеттің аумағында тіркелген (орналасқан) мұліктің жекелеген түрлері және оның меншік иелері (иелері) туралы;

алмасуға қатысушы басқа мемлекеттің аумағында тіркелген (орналасқан) мұліктің меншік иелері (иелері) - алмасуға қатысушы бір мемлекеттің азаматының тұрғылықты (булу орны) мекенжайы туралы ақпарат алмасады.

3. Алмасуға қатысушы мемлекеттің құзыретті органдары мынадай:

а) мұлік туралы:

мұліктің түрі (көлік құралы, (ақпараттық ресурстарда болған кезде) жылжымайтын мұлік);

көлік құралының маркасы (моделі) (ақпараттық ресурстарда болған кезде);

көлік құралының шығарылған жылы (ақпараттық ресурстарда болған кезде);

меншік иесінің (иесі) көлік құралын есепке қою (тіркеу) күні;

меншік иесінің (иесі) көлік құралын есептен шығару (тіркеуін тоқтату) күні;

жылжымайтын мұліктің орналасқан орнының мекенжайы;

жылжымайтын мүлікке меншік (иелену) құқығын тіркеу (туындау) күні;

жылжымайтын мүлікке меншік (иелену) құқығын тіркеуді тоқтату күні туралы ақпарат алмасады.

Көрсетілген мәліметтердің құрамына есепті жылы меншіктे болған (иелікте) мүлік туралы ақпарат кіреді;

б) алмасуға қатысушы мемлекеттердің азаматтары - мүліктің меншік иелері (иелері) туралы:

тегі, аты және әкесінің аты (әкесінің аты - ақпараттық ресурстарда болған кезде);

туған күні (ақпараттық ресурстарда болған кезде);

мүлкі алмасуға қатысушы мемлекеттің аумағында орналасқан, алмасуға қатысушы бір мемлекеттің азаматына берілген салық төлеушінің сәйкестендіру коды (нөмірі) (ақпараттық ресурстарда болған кезде);

жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (құжат түрі, сериясы (бар болса) нөмірі және берілген күні) (ақпараттық ресурстарда болған кезде);

алмасуға қатысушы басқа мемлекеттің азаматының түрғылықты (булы орны) жері туралы мәліметтер алуға сұрау салу белгісі;

в) алмасуға қатысушы мемлекеттердің занды тұлғалары - мүліктің меншік иелері (иелері) туралы:

толық атауы;

ұйымдық-құқықтық нысаны (ақпараттық ресурстарында болған кезде);

мүлкі алмасуға қатысушы мемлекеттің аумағында орналасқан, алмасуға қатысушы бір мемлекеттің занды тұлғасына берілген салық төлеушінің сәйкестендіру коды (нөмірі) (ақпараттық ресурстарда болған кезде);

занды тұлға ретінде тіркеу орны бойынша алмасуға қатысушы мемлекетте осы занды тұлға тіркелген және (немесе) занды мекенжайы (орналасқан жері) алмасуға қатысушы мемлекетте занды тұлғаға берілген салық төлеушінің сәйкестендіру коды (нөмірі) (ақпараттық ресурстарда болған жағдайда);

есепті кезең үшін мулік салығы төленген мүлікке салық бойынша салық базасының сомасы (ақпараттық ресурстарда болған кезде);

есепті кезең үшін алмасуға қатысушы бір мемлекеттің тіркелген (орналасқан) және алмасуға қатысушы басқа мемлекеттегі занды тұлғаға тиесілі мүлікке есептелген және (немесе) төленген салық сомасы туралы мәліметтерді алмасады (ақпараттық ресурстарда болған кезде).

### III. Ақпаратты ұсыну форматы

4. Алмасуға қатысушы мемлекеттің занды тұлғалары болып табылатын, алмасуға қатысушы бір мемлекеттің аумағында тіркелген (орналасқан) мүліктің жекелеген түрлері және оның иелері (иелері) туралы ақпарат Хаттаманың 4-бабының тәртібімен

бекітілген, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің сайтында орналастырылған форматта ұсынылады.

5. Алмасуға қатысушы басқа мемлекеттің азаматтары болып табылатын, алмасуға қатысушы бір мемлекеттің аумағында тіркелген (орналасқан) мүліктің жекелеген түрлері және оның иелері (иелері) туралы ақпарат Хаттаманың 4-бабының тәртібімен бекітілген, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы сайтында орналастырылған форматта ұсынылады.

6. Алмасуға қатысушы басқа мемлекеттің аумағында тіркелген (орналасқан) мүліктің меншік иесі (иегері), алмасуға қатысушы бір мемлекеттің азаматының тұрғылықты (булу орны) мекенжайы туралы ақпарат Хаттаманың 4-бабының тәртібімен бекітілген, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің сайтында орналастырылған форматта ұсынылады.

#### **IV. Пайдаланылатын анықтамалықтар**

7. Құзыретті органдар ақпарат алмасу кезінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің сайтында орналастырылған сипаттамаға сәйкес құқықтары алмасуға қатысушы бір мемлекеттің азаматтарына тіркелген жылжымайтын мүлік пен көлік құралдары түрлерінің анықтамалығы пайдаланылады.

#### **V Ақпарат алмасу мерзімдері**

8. Алмасуға қатысушы мемлекеттің занды тұлғалары болып табылатын, алмасуға қатысушы бір мемлекеттің аумағында тіркелген (орналасқан) мүліктің жекелеген түрлері және оның иелері (иелері) туралы ақпарат есепті жылдан кейінгі жылдың 1 тамызынан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

9. Алмасуға қатысушы басқа мемлекеттің азаматтары болып табылатын, алмасуға қатысушы бір мемлекеттің аумағында тіркелген (орналастырылған) мүліктің жекелеген түрлері және оның иелері (иелері) туралы ақпарат алмасу есепті жылдан кейінгі жылдың 15 маусымынан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

10. Осы Талаптардың 5-тармағына сәйкес ұсынылған ақпаратта сұрау салу белгісі болған кезде алмасуға қатысушы мемлекеттің азаматтары болып табылатын, алмасуға қатысушы басқа мемлекеттің аумағында тіркелген (орналастырылған) мүліктің меншік иесі (иегері) - алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органына есепті жылдан кейінгі жылдың 1 тамызынан кешіктірілмей жауап беріледі.

Алмасуға қатысушы мемлекет азаматының - мүліктің меншік иесінің (иесінің) мекенжайын айқындау мүмкін болмаған жағдайда мекенжайы туралы мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарланады.

11. Алмасуға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары ақпаратты алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы

комитетінің сайтында орналастырылған форматқа сәйкес электронды түрде ақпарат алмасқан кезде пайдаланылатын мәліметтерді алғаны туралы хабарламамен оны алғанын растайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК